

Аягөз ауданы бойынша 2023 жылға мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Абай облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 687 қаулысы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 14010 тіркелген) бұйрығына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға көмек көрсету мақсатында, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін:

1) 50 (елуден) 100 (жүз) адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының 2 (екі) пайыз мөлшерін;

2) 101 (жүз бір) адамнан 250 (екі жүз елу) адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының 3 (үш) пайыз мөлшерін;

3) 251 (екі жүз елу бір) адамнан астам – жұмыскерлердің тізімдік санының 4 (төрт) пайыз мөлшерін құрайды.

2. "Аягөз ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыны Аягөз ауданының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Аягөз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №59 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 8381 нөмірімен тіркелген, 2021 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. Татеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№ р/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыскерлердің орташа тізімдік санынан %)	Белгіленген квота саны (адам)
10	Барлығы	2042		72
1	"Абай облысы Денсаулық сақтау басқармасының " Аягөз ауданының көпсалалы орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	694	4%	28
2	Абай облысы Аягөз ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің "Қозы Корпеш-Баян сұлу" мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	146	3%	4
3	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің " Аягөз аудандық пайдалану бөлімі" Республикалық Мемлекеттік Мекемесі	393	4%	16
4	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің "Қалалық қазақ мектеп-лицейі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	106	3%	3

5	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің "№ 1 жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	125	3%	4
6	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің "К.Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	123	3%	4
7	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің "Дулат Бабатайұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	103	3%	3
8	"Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің "мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін № 6 мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	157	3%	5
9	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің "№10 қазақ мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	84	2%	2
	Абай облысы білім басқармасының			

10	Аягөз ауданы білім бөлімінің " С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	111	3%	3
----	---	-----	----	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ